

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті «6D050400 - Журналистика» мамандығының докторанты Жумабекова Гаухар Айтбекқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» тақырыбындағы диссертация жұмысына ғылыми жетекші

ІШКІРІ

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзін зерттеудің көкейтестілігі ұлттық бедердің формалық бренд аймағынан әрі асып, ажарлы мазмұндық сипатқа көшу, бірыңғай идеология қақпайынан арылып, плюралистік таным жүйесіне ұласу, әлемдік масс-медиа кеңістігіне қол созу үдерісінен, сонымен бірге қазақы қайта өрлеу дәуірінің еңісі мен қайқаңының маңыздылығынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертант Жумабекова Г.А. бұл кезеңді процестік, өршілдік, керек десеңіз, пассионарлық тұрғыдан саралаған деп айтар едім. Зерттеу жұмысының өзектілігі, біздіңше, тек бұл тақырыптың тұңғыш рет тереңдей, тұтастандыра қарастырылып отырғандығында ғана емес, шығармашылық даралық деп аталатын тылсым дүние мен жалпы әлеуметтік реализм деп айдар тағылған мәселелерді дәл осы шақта әдемі үндестіре алуында, өткен кезең мен бүгінгі күннің зәру проблемаларын журналистикатану сахнасына бар болмыс-бітімімен шығара білуінде.

Тарихилық ұстанымға жүгіне отырып, ізденуші Гаухар Айтбекқызы Жумабекова диссертация жұмысының бірінші тарауында тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінің ғылыми-танымдық жағына тиісінше назар аударады. Ой өрбіту қисынына келсек, осы тарауды ғылыми жұмыстың алтын қақпасына балайды.

Қазіргі публицистер замансөзіндегі ой-сана ауысымын пайымдағанда, зерттеуші қазақ санаткерлері кеңестік кезеңде де ұлттық санадан айрыла қоймағандығын шындық ретінде дөп басады, қыспағы мол коммунистік идеология рухани жағынан «өз көрін қазушыларын субъектінің объектіні» дайындағанына иланымды меңзеу жасайды. Әр көсемсөзшінің парадигмалық ерекшеліктерін сипаттап береді. Осы арқылы төл көсемсөзіміздің ырғалыс-қозғалысын, даму қарқынын, ілгерілеу моторикасын бағамдайды.

Қазақ қаламгерлерінің жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігін сөз еткенде, қазіргі жаңа жанрлық формалар – эссе, рисала, натуралистік очерктердің жаратылысын нанымды зерделейді. Очерктің қазіргі кезде жанрлық түрленуі идеологиялық талаптарға мүлде мойын ұсынбайтынын, оның шынайы құбылыс пен тұлға орбитасы төңірегінде айналатынын атап көрсетеді. Эссенің қазіргі жағдайға ыңғайлы ой ағымы, субъектінің объектіні таным сүзгісінен өткізуі барысындағы мазмұн мен пішін бірлігі екенін тұжырымдайды. Естелік жанрының тарихилығы қазіргі кезеңде

көкейтестілікке айналғанын, тарихи танымның заманауи танымға көшкенін ашып көрсетеді.

Диссертацияның екінші тарауында зерттеуші жаңа дәуір өрісіндегі қазақ көсемсөзін Ә. Кекілбай, М. Мағауин, М. Қабанбай, Д. Әшімхан жарияланымдары арқылы ажарлайды. Көсемсөзші Ә. Кекілбайдың энциклопедиялық білімі мен шешендігі қазақ елінің өткені мен келешегін сөз еткенде, креативті ойлар мен байламдарға жол ашатынын атап айтады. Оның тіл және тәуелсіздік туралы толғаныстарын Америка ғалымдары П. Ратленд, У. Фиерман, Л. Крадер жазбаларымен және ағылшын ғалымы Г. Уиллер зерттеулерімен сүйемелдейді. Осы арқылы Г.А. Жумабекова диссертациясының әлемдік ғылым кеңістігімен, ақпарат айналу кеңістігімен байланысын анық аңғартады. М. Мағауин дерекнамаларындағы тұлға мен қоғам қарым-қатынасын көсемсөзшінің батылдығы, өткірлігі, белгілі жайттарды монополиялауы арқылы көрсетеді. Жазушының ұлттық көсемсөзге «Мен» атты өзіндік таным әкелгенін, сырт жұртқа мәлім эгоцентризм ұғымы қазақ әлеміне де жат еместігін, бұрынғы дәстүрдің қайта жаңғырғанын алға тартады.

М. Қабанбай көсемсөзіне мықты рух, әділ сөз, батыл мінез бен сарказм тән екендігін, талай-талай саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелердің беті сол әдістер әлеуетімен ашылғандығын, оның рухани дүниелері өтпелі уақыттың талаптарына сай келіп жатқанымен, тұлға мінез-құлқы мен өмірбаяны заман сорабына сыймай тұрғанын атап айтады.

Д. Әшімхан көсемсөзіндегі ұлттық психологизм иірімдері қаламгердің өзіне тән стильмен қоса-қабат өрілетініне, осы ретте жазушы-журналистің қазақ жұртының кей-кейде архаикадан арыла қоймаған дәстүр-салтының, мінез-құлқының ұнамсыз тұстарын боямасыз, қаз-қалпында суреттейтініне назар аударады.

Диссертацияның үшінші тарауында О. Сәрсенбаев рисаласының, С. Иманасов эссесінің, Е. Раушанов натуралистік очеркінің, Н. Оразалиннің жол-сапар очерктерінің қазіргі көсемсөз логистикасындағы орны белгіленеді, олардың тақырыптық және формалық ізденістеріндегі ерекшеліктері жан-жақты талданады, әрқайсына ғылыми сипаттама беріледі.

Зерттеу нысаны болып отырған көсемсөзшілердің «папиллярлық стилистикасын», әрқайсысының өзіне тән қолтаңбасын ашады. Әр көсемсөзші жарияланымдарының пәнаралық байланысының басы ашылады.

Г.А. Жумабекова тілге тиек етілген көсемсөзшілер еңбегінен бір-бір жаңалық табады. Мысалы, қазақ көсемсөзіне зияткерлік, руханият, ұлттық сана, мәдени, саяси-әлеуметтік, ұлттық мінез-құлық, ислам философиясы, тұлғатанымдық, саяси-экономикалық сана және экологиялық көзқарас сияқты парадигмалар түрлерін ұсынады. Индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелерін жеке бастық сезініспен, «замансөздегі эгоцентризм» ұғымымен толықтырады.

Өзге жұрттың ықпал-әсері салдарынан әлеуметтік салаға ентелей еніп жатқан психологиялық трансформация құбылысын айқындаудың

публицистік тәсілдеріне «қазіргі замансөздегі ұлттық психологизм» деген атау береді.

М.М. Бахтиннің жанрлар болмыс-бітімі туралы теориясын ілгерілете келе, рисала жанрының қазақ топырағына сіңісу процесінің өзгешеліктерін талдайды. Ежелден қалыптасып қалған кейбір адамгерлік ұғымдарға (мысалы, нәпсі т.б.) жаңа ракурстан сәуле түсіреді.

Автопортрет жанры мен дәуір үндестігі конверторынан замансөз ағымы мен ой ағымының синтезі шығатыны белгілі. Бұл шығармашылық өнімге диссертант «инновациялық замансөз үдерісі» деген атау береді.

Әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән жүріс-тұрысымен қоса жазу мәнері, стилі болатыны мәлім. Олар саусақ папиллярлары сияқты бір-біріне ешқашан ұқсамайды. Диссертант бұл құбылысты көсемсөздегі «папилляризм стилистикасы» деп атайды.

Жоғарыда аталған төл жаңалықтардан көсемсөздегі ұлттық әлемнің картинасы құралатынын айта келе, зерттеуші «замансөздегі динамикалық панорама» деген соны ұғымды ғылыми айналымға енгізеді.

Бір сөзбен айтқанда, диссертация ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптарға сай.

Жумабекова Гаухар Айтбекқызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациялық жұмысын оң бағалаймын, ізденуші сол атаққа лайық деп есептеймін.

**Отандық ғылыми жетекші,
т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры**

С.Қ. Қозыбаев

РАСТАЙМЫН
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

« _____ » _____ 20

